

1 адамға тәулігіне апсы, ыстық және ауыз судың тұтыну қалыптарын (нормаларын) бекіту туралы

Күшін жойған

Маңғыстау облысы Ақтау қалалық әкімдігінің 2006 жылғы 30 қарашадағы № 1406 қаулысы. Маңғыстау облысының Әділет Департаментіні Ақтау қаласының әділет басқармасында 2006 жылғы 22 желтоқсанда № 11-1-45 тіркелді. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Ақтау қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 15 желтоқсандағы № 2283 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Ақтау қаласы әкімдігінің 15.12.2016 № 2283 қаулысымен(жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы", "Тұрғын-үй қатынастары туралы" Зандарына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 9 сәуірдегі "Монополияшы кәсіпорындардың қызмет көрсетулеріне бағалар мен тарифтерді мемлекеттік реттеу жөніндегі қосымша шаралар туралы" № 400 қаулысына сәйкес және тұтынушылардың құқығын қорғау мақсатында, қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақтау қаласы бойынша есептегіш құралдары болмаған жағдайдағы азы, ыстық және ауыз судың тұтыну қалыптары (нормалары) № 1 қосымшага сәйкес бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары О.Д. Казахбаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы мемлекеттік тіркеуден откен күннен бастап қолданысқа енеді.

Қала әкімі

C. Бекбергенов

"КЕЛІСІЛДІ":

"Ақтау қалалық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің бастығы

Н. Дюсенов

30 қараша 2006 жылы.

Ақтау қаласы әкімдігінің
"30 " қараша 2006 жылы
№ 1406 қаулысына № 1 қосымша

1 адамға апсы, ыстық және ауыз судың шығынының есебі.

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы Ақтау қалалық әкімдігінің 17.09.2007 № 1267 қаулысымен (жарияланған күннен бастап қолданысқа енеді).

"Монополияшы кәсіпорындардың қызмет көрсетулеріне бағалар мен тарифтерді мемлекеттік реттеу жөніндегі қосымша шаралар туралы" № 400 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 наурыз № 297 қаулысына сәйкес есептеу аспаптары болмаған жағдайда газбен жабдықтау, сумен жабдықтау, жылумен жабдықтау үшін төлемнің мөлшері жалпы үйдегі ортақ есептеу аспаптарымен жабдықталған тұрғын үйлердің осындай үлгілері (қабаты, ұзақтығы, қабырға материалы) бойынша қалыптасқан орташа жылдық тұтыну нормалары ескеріле отырып айқындалады.

Бекітілген норма 2003 жылғы 1 қаңтар мерзіміндегі нормадан аспауы керек.

1. "МАЭК-Казатомпром" ЖШС-нің ұсынған статистикалық мәліметтерін негізdemеге ала отырып, 2006 жылының тамыз айынан бастап 2007 жылдың ақпан айына дейінгі мерзімдегі жалпы үйдегі ортақ есептеу аспаптарымен жабдықталған Ақтау қаласы тұрғын үйлерінің пәтердегі 1 адамға су тұтыну мөлшері анықталды:

Ауыз су – 1 тәулігіне 36 литр;

Аңы су – 1 тәулігіне 72 литр;

2. Істық су бойынша қолданылған су көлемі Ақтау қаласындағы тұрғын үйлерде ортақ есептеу аспаптары болмауына байланысты анықталмады.

Осыған орай ыстық су бойынша, яғни, 2006 жылдың наурызынан 2007 жылдың ақпаны аралығы мерзімінде ыстық су бойынша су пайдалану мөлшері жеке есеп аспаптарымен жабдықталған пәтерлерде нақты ортатәулік мөлшер тәулігіне 32 литрді құрағандығы, "МАЭК-Казатомпром" ЖШС-нің статистикалық мәліметтерін алынды.

Судың тәулігіне 1 адамға шығынының қалыптары:

Ауыз су – 36 литр/тәулігіне;

Аңы су – 72 литр/ тәулігіне;

Істық су – 32 литр/тәулігіне.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК